

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Базармаганбет Молдир Жумабайқызы

4 курс студенті, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы,
Филология факультеті, М.Өтемисов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Утемисова Э.К., педагогика ғылымдарының магистрі

Бұл мақалада ағылшын тілін қашықтықтан оқытудың негізгі ерекшеліктері, тиімді әдіс-тәсілдері мен артықшылықтары және кездесетін қиындықтары жан-жақты талданады. Қашықтықтан білім берудің жаңа мүмкіндіктері мен оны жетілдіру жолдары ұсынылып, тіл үйрету процесіндегі технологиялық құралдардың рөлі сипатталады. Сонымен қатар, қазақы көзқарас пен тәжірибе тұрғысынан ой түйінделіп, практикалық ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, ағылшын тілі, онлайн сабақ, білім беру технологиясы, тіл үйрену, заманауи әдістер.

Білім – мәңгілік қазына. Ал бүгін білім беру жүйесі бұрынғыдан мүлде басқа сипатқа ие болып отыр. Қоғамның жедел дамуымен қатар, технологиялар да алға басып, оқу мен оқытудың әдіс-тәсілдері жаңаша бағытқа бұрылып жатқаны белгілі. Соның бір көрінісі – қашықтықтан оқыту формасының кеңінен таралуы. Бұрындары оқушы мектепке барып, ұстазбен жүзбе-жүз отырып білім алуы қалыпты жағдай деп есептелсе, бүгінде үйде отырып-ақ әлемнің кез келген жерінен онлайн білім алу мүмкін болып отыр. Бұл – заман талабы. Әсіресе шет тілін, оның ішінде ағылшын тілін үйрену жолында бұл тәсіл кең өріс алып келеді.

Қашықтықтан оқыту – жай ғана уақытша амал емес, бұл – болашақтың бағыты. Алайда кез келген жаңалықтың өз артықшылығы мен кемшілігі болатыны секілді, бұл жүйеде де ерекше назар аударатын жайттар бар. Осы мақалада ағылшын тілі пәнін қашықтан оқытудың өзіндік қыр-сырына, ерекшелігіне, тиімді жолдары мен кездесетін қиындықтарына тоқталмақпыз. Қашықтықтан оқыту – бұл оқушы мен мұғалімнің бір жерде отырмаса да, бір мақсатта, бір бағытта жұмыс істеу формасы. Ол үшін интернет, компьютер, смартфон, түрлі бағдарламалар мен онлайн платформалар қажет. Мұғалім білім берсе оқушы қабылдайды. Әрине екеу ара қашықтық бар, бірақ мақсаттары ортақ.

«Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жұмғанша,

Жылдам хабар алғызған» - деп ұлт ағартушысы Ыбырай Алтынсарин айтпақшы, бұл күндері де Zoom, Google Meet, Microsoft Teams секілді платформалар арқылы тікелей сабақ өткізу әдетке айналды [5]. Бұлар арқылы сабақ барысында бетпе-бет кездескендей сөйлесіп, тапсырма беріп, пікір алмасып отыруға да болады. Сонымен қатар WhatsApp, Telegram секілді қосымшалар да қосымша құрал ретінде қолданылып жатыр. Ағылшын тілін оқыту барысында бұл әдіс икемдік пен қолайлықты қамтамасыз етері хақ. Оқушы мейлі тау, мейлі тас, мейлі дала, мейлі қыр, қай жерде жүрсе де, ғаламторы болса – сабақтан да қалмайды. Әрі сабақ жазылып алынатын болғандықтан, оқушы оны бірнеше рет қайталап көре алады. Бұл – үлкен мүмкіндік һәм артықшылық.

Ағылшын тілі – жан-жақты машықты қажет ететін пән. Тілді үйрену үшін тек ереже жаттаудың өзі жеткіліксіз. Тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу – осының бәрін оқушы қатар дамытуы керек. Осы орайда қашықтықтан оқытуда бұған қалай қол жеткізуге болады деген сұрақ туады. Яки, тыңдап түсіну үшін – бейнежазбалар, аудиожазбалардың көмегі орасан зор. Мысалға алар болсақ, BBC, VOA, TEDx секілді танымал сайттардан алынған қысқа роликтер арқылы оқушылар тілдің табиғи ағысын естіп, үйренері белгілі. Осы әдіс олардың құлағына ағылшын тілінің дыбысы сіңісіп, тыңдау қабілетін арттырады [10, б.4]. Келесі сөйлеу қабілетін дамыту үшін – онлайн сабақ кезінде мұғалім оқушыларды жеке немесе топпен сөйлете алады. Мәселен, «Breakout room» деген функция арқылы оқушылар бір-бірімен шағын бөлмелерде сөйлесіп жаттығуына да болады. Бұл, әсіресе, жасқаншақ, именшек оқушыларға таптырмас пайда. Яки олар ашылып сөйлесіп, осы тілде ортақ әңгімелерін құра бастайды десек қателеспеспіз. Сонымен қатар, сұхбат құру арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп қоймай, белсенділігін арттыруға болады [8, б.3]. Мәтін оқу мен мәтін жазу үшін – интернеттегі British Council, Quizlet, Grammarly сайттары үлкен жәрдем. Себебі, ағылшын тілін үйренушілерге арналған түрлі деңгейдегі мәтіндер мен интерактивті тапсырмалар ұсынады. Бұл сайттағы материалдар оқушылардың сөздік қорын дамытуға, оқу, жазу дағдыларын жетілдіруге және мәтінді түсіну қабілетін арттыруға орасан зор көмегін тигізеді. Оқуға арналған мәтіндер нақты тақырыптар мен деңгейлерге бөлінген, тақырыпты пысықтауға арналған тапсырмалар да бар. British Council ұсынған тапсырмалар жиынтығы қашықтықтан оқыту барысында да тиімді қолданылып, мұғалімдерге дайын материалдармен жұмыс істеуге үлкен мүмкіндік береді. Ал эссе, хат жазу, мәтін аудару секілді жұмыстарға келер болсақ, оларды электронды түрде Write & Improve атты Cambridge ұсынған платформада орындаса, сөздерді және сөз тіркестерін дұрыс оқылуымен бірге үйрету үшін Cambridge dictionary

платформасын қолдануға болады. Мұғалім де осы жолмен оқушының жұмыстарына кері байланыс беріп, қате тұстарын көрсетіп, жөн сілтей де алады.

Сондай-ақ белсенді оқытуды ынталандыратын жобалық тапсырмалар, бірлескен жұмыс және мәселе шешу жаттығулары сияқты әдістер Қазақстандағы ағылшын тілі сыныптарында жиі қолданылуда, әрі бұл әдістер оқушыларды оқу процесіне тереңірек тартып қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау мен дербес білім алу дағдыларын дамытуға да ықпалын тигізеді. Осының бәрі – ағылшын тілін меңгеруге, әсіресе жеке жұмыс жасау қабілетін арттыруға үлкен әсер етеді [3, б.3].

Қашықтықтан оқыту жайлы сөз қозғағанда, оның оң және теріс жақтарын қатар айта кеткен жөн. Себебі бұл жүйе – әлі де жетіліп келе жатқан бағыт. Осы кезде мына артықшылықтарды айтпай кетпесе болмас:

1. Ең алдымен уақыт үнемделеді. Оқушы сабаққа келу үшін жол жүрмейді.
2. Кез келген жерден қатысуға болады: үйден де, ауылдан да, тіпті қиыр шеттегі шетелден де.
3. Материалдар жазылып қалады, кейін қайталап қарауына мүмкіндік бар.
4. Оқушының ізденісі артады, өз бетінен жұмыс істеу қабілеті дамиды.
5. Цифрлық сауаттылығы қалыптасады.

Әр нәрсенің өз артықшылықтарымен қатар қиындықтары да болады. Біздің қорғап отырған тақырыбымыз қашықтан оқытудың да мойындауымыз керек, өз алдына қиындықтары да бар. Жіпке тізгендей атап айтар болсақ:

1. Интернет байланысы тұрақсыз болса, сабақ үзіледі.
2. Кей оқушылар телефон немесе компьютер сияқты құрылғыларды таба алмай қиналады.
3. Мұғалім мен оқушы арасындағы шынайы байланыс азаяды.
4. Сабаққа толық зейін қою қиын – үйдегі жағдай алаңдатады.
5. Жауапкершілік төмен болуы мүмкін, өйткені бақылау аздау.

Осы қиындықтарды азайту үшін, мұғалім мен ата-ана бірігіп жұмыс істеуі қажет. Баланың мотивациясын арттыру үшін сабақтар қызықты, бейне, ойын және сұрақ-жауап түрінде өтуі керек. Сонда оқушы да зеріктірмей, белсенді түрде қатысады [6, б.3]. Тағы айта кететін жайт бұл қиындықтарды еңсерудің өз жолдары да бар. Бұл мәселелерді шешу үшін ең алдымен техникалық мүмкіндіктерді арттыру қажет. Яғни, интернет желісі тұрақты жұмыс істеуі үшін мемлекет тарапынан ауыл-аймақтардағы байланыс сапасын жақсарту жұмыстарының жүргізілуі. Мектеп әкімдігі мен ата-аналар бірлесіп, оқушыларды қажет құралдармен (ноутбук, планшет, телефон т.б.) қамтамасыз етуге ұмтылуы. Сондай-ақ мұғалім оқушылардың сабаққа қызығушылығын ояту үшін түрлі интерактивті әдістер, бейнежазбалар, ойын түріндегі жаттығулар қолдануы қажет. Сонымен қоса, мұғалімдерің телекоммуникациялық желілерде білім беру мультимедиялық ресурстарын

қайдан және қалай табуға болатынын білуі, мұндай желілерді оқыту мен оқудың әртүрлі аспектілерінде пайдалана білуі, мультимедиялық технологиялар арқылы білім беру пәндерінің мазмұнын беруді білуі, білім берудің мультимедиялық ресурстарының мазмұнын білуі өте маңызды [7, б.2]. Мұғалім оқушымен тек біржақты байланыс орнатпай, кері байланыс жасап отырса – оқушы да өзін бірегей сезініп, белсенділік танытады. Ата-аналар да баланың оқу процесіне араласып, қолдау білдірсе – бұл қиындықтарды біртіндеп жеңуге болады. Одан бөлек, оқушылардың уақытты тиімді жоспарлауына көмектесу керек. Арнайы күнтізбе немесе күн тәртібі жасап, күніне қанша уақыт оқуға, қанша уақыт демалуға болатынын нақтылап отырған жөн. Сонда балада тәртіп қалыптасып, ала көңіл де селқостық та азаяды, сабаққа ықыласын да бөледі. Сонымен қатар, мұғалімдер психологиялық қолдау көрсетуді де ұмытпауы тиіс – жылы сөз, түсіністік пен көтермелеу кез келген қиындықты жұмсарта түседі десек артық айтқанымыз емес.

Тоқсан ауыз сөзіміздің тобықтай түйінін шығарып, қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту – бүгіннің шындығы, ертеңнің талабы. Білім саласындағы бұл жаңа формат уақыт пен кеңістіктен тәуелсіз жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, оқушы мен мұғалімнің жаңа қырларын аша түсері хақ. Әсіресе, шет тілін меңгеру ісінде икемдігі мен қолайлығы арқылы талай жастың болашағына жол ашты, ашып жатыр, аша береді. Дегенмен, бұл жүйе тек техникаға ғана емес, адамдық қарым-қатынасқа, түсіністік пен шыдамға да сүйенеді. Қиындықтар туындауы мүмкін, бірақ олар – шешуі бар өткінші кедергілер ғана. Ең бастысы – ниет пен ынта, ықылас, ізденіс пен еңбектің болуы. Осы орайда мұғалімнің шеберлігі, оқушының қызығушылығы және ата-ананың қолдауы бір арнаға тоғысса, кез келген оқу түрі – нәтижелі болмақ. Қашықтықтан оқыту – бұл тек экран алдындағы сабақ емес, бұл – жаңа өмір салтына бейімделу. Бұл – әрбір білім алушының өз уақытына өзі ие бола отырып, өз бетімен ізденіп, өз білімін қалыптастыру мүмкіндігі. Ал ағылшын тілін меңгеру – сол мүмкіндікті еселей түсетін күшті құрал. Тілді үйрену арқылы оқушы әлемдік кеңістікке жол ашады, мәдениеттермен танысады, өз көкжиегін кеңейтеді. Сондықтан да, қашықтықтан оқыту форматына тек мәжбүрлілік деп емес, мүмкіндік деп қарастырған жөн. Ол мүмкіндік – бүгінгі таңда дұрыс пайдалана білсек, ертеңгі күннің жемісіне айналары сөзсіз. Қашықтықтан оқу – бұл уақыттың талабы ғана емес, елдің ертеңін тәрбиелейтін маңызды құрал. Олай болса, осы құралды тиімді пайдаланып, сапалы білім беруге және алуға бәріміз де мүдделіміз. Білім жолы – ұзақ жол. Ал сол жолда аянбай ізденген жан ғана мақсатына жетпек. Қашықтықтан оқыту сол жолдағы жаңа бағыт, жаңа мүмкіндік. Оны тиімді пайдаланған адам – жетістікке жететін адам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметжанова Г.А. «Қашықтықтан оқыту үдерісінде студенттердің ақпараттық және әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру», Қарағанды, 2023.
2. British Council – Teaching English. <https://www.teachingenglish.org.uk>
3. Kuvandykova A.M. «Effective Pedagogical Approaches in English Language Teaching», Aktau, 2024.
4. TEDx Talks – ағылшын тілді бейнересурстар.
5. Zoom, Quizlet, Grammarly секілді цифрлық білім платформалары.
6. Абдимуса Ж.Н., Бурлачук Л.Ф. «Қашықтықтан оқытудың психологиялық және мотивациялық аспектілері», 2022.
7. Шәншәр С.Ш., Жетпісбай Ә.Қ. «Мультимедиялық технологиялардың көмегімен шет тілін қашықтықтан оқыту», Павлодар, 2022.
8. Базарбаева Л. «Ағылшын тілі пәнін орта мектеп оқушыларында оқыту барысында қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдер», 2024.
9. UNESCO Report on Remote Learning (2020).
10. Шаяхметова Ә.Н., Сайбекова Н.У. «Ағылшын тілін сабағында оқушыларды қашықтықтан оқытудың қолдану әдістмесі », 2021.

МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСТАНЦИОННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Базармаганбет Молдир Жумабайқызы

Научный руководитель: Утемисова Э.К., магистр педагогических наук

В данной статье всесторонне рассматриваются основные особенности дистанционного обучения английскому языку, эффективные методы и приёмы, преимущества и возникающие трудности. Представлены новые возможности дистанционного образования и пути их совершенствования, охарактеризована роль технологических инструментов в процессе преподавания языка. Кроме того, изложены размышления и практические рекомендации с точки зрения обучения казахскому языку и опыта преподавания.

Ключевые слова: дистанционное обучение, английский язык, онлайн-уроки, образовательные технологии, изучение языка, современные методы.

METHODOLOGICAL ASPECTS OF ENGLISH LANGUAGE LEARNING IN DISTANCE EDUCATION

Bazarmaganbet Moldir Zhumabaikyzy

Scientific advisor: Elmira Utemissova

This article comprehensively analyzes the main features of distance learning in English, effective methods and techniques, its advantages, and the challenges faced. It outlines the new opportunities offered by remote education and suggests ways to improve it, highlighting the role of technological tools in the language learning process. Furthermore, reflections from a Kazakh perspective and practical recommendations are provided.

Keywords: distance learning, English language, online classes, educational technology, language acquisition, modern methods.

REFERENCES

1. Akhmetzhanova G.A. «Formation of students' informational and methodological competence in the process of distance learning», Karaganda, 2023.
2. British Council – Teaching English. <https://www.teachingenglish.org.uk>
3. Kuvandykova A.M. «Effective pedagogical approaches in English language teaching», Aktau, 2024.
4. TEDx Talks – English-language video resources.
5. Digital learning platforms such as Zoom, Quizlet, and Grammarly.
6. Abdimusa Zh.N., Burlachuk L.F. «Psychological and motivational aspects of distance learning», 2022.
7. Shanshar S.Sh., Zhetpisbay A.K. «Distance learning of a foreign language using multimedia technologies», Pavlodar, 2022.
8. Bazarbayeva L. «Innovative methods and techniques used in teaching English to secondary school students», 2024.
9. UNESCO report on remote learning (2020).
10. Shayakhmetova A.N., Saybekova N.U. «Methods of using distance learning for schoolchildren in teaching English », 2021.